

5. Сулейманова М. Г., Муртазалиев А. М. Основные подходы к пониманию дефиниции «правовая культура» // Юридический вестник ДГУ. - 2022. - № 2. - С. 38-47.

6. Медведев В. А. Правовая культура: понятие, сущность и современные тенденции развития // Oeconomia et Jus. - 2022. - № 2. - С. 82-88.

7. Джунусова М. Т. Конституционно-правовые аспекты защиты прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Право. - 2024. - № 2 (147). - С. 52-62.

8. Шаповалов А. В. К вопросу о сущности правосознания и правовой культуры // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. - 2023. - № 8. - С. 191-194.

ӘОЖ: 398.9

ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҚАСҚЫР БЕЙНЕСІ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Ахметова И.А.

элеуметтік жұмыс және элеуметтік педагогика кафедрасының PhD докторы, аға оқытушы Е. А.

Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

e-mail: i.akhmetova1985@gmail.com

Түркі дүниетанымы - ғасырлар бойы қалыптасқан күрделі рухани-мәдени жүйе. Бұл жүйеде табиғат, кеңістік, адам және қоғам арасындағы байланыс символдық бейнелер арқылы өрнектеліп, ұжымдық санада тұрақты мәндік құрылым ретінде орныққан. Осындай символдық бейнелердің ішінде қасқыр ерекше орын алады. Қасқыр түркі халықтарының мифологиялық мәтіндерінде, тарихи шежірелерінде, батырлық эпостарында және фольклорлық дәстүрлерінде жиі кездесетін бейне ғана емес, дүниетанымдық мазмұнға ие мәдени код ретінде көрінеді.

Қасқыр бейнесі көбіне түркілердің шығу тегі туралы аңыздармен, әскери рухпен және еркіндік идеясымен байланыстырылады. Алайда оның мағынасы тек этногенетикалық немесе батырлық сипатпен шектелмейді. Қасқыр - дала кеңістігінің органикалық бейнесі, еркін қозғалыстың, өміршеңдіктің және қауымдық тұтастықтың символы. Түркілік болмыс түсінігінде кеңістік пен тіршілік үйлесімі ерекше мәнге ие болғандықтан, қасқыр бейнесі сол үйлесімділіктің көркем әрі философиялық көрінісі ретінде қалыптасқан.

Түркі дүниетанымында табиғат пен адам қарама-қарсы қойылмайды, керісінше біртұтас жүйе ретінде қабылданады.

Түркі дүниетанымы дегеніміз - тарихи тәжірибе мен рухани ізденістің нәтижесінде қалыптасқан тұтас мәдени-философиялық жүйе. Бұл жүйеде табиғат, адам және қоғам арасындағы үйлесімділік символдық бейнелер арқылы беріліп, ұжымдық санада тұрақты мағыналық құрылым ретінде орныққан. Осындай мәндік бейнелердің бірі - қасқыр. Қасқыр түркі халықтарының мифологиялық аңыздарында, батырлық жырларында және тарихи шежірелерінде ерекше маңызға ие символ ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, қасқыр - тек жыртық аң емес, адам болмысының белгілі бір қасиеттерін жинақтаған символдық тұлға. Ол батылдықты, төзімділікті, бағыттаушылықты және қауымды қорғау жауапкершілігін бейнелейді. Мұндай сипаттар түркілік құндылықтар жүйесінің өзегін құрайды.

Қасқыр бейнесі көбіне этногенездік аңыздармен, әскери рухпен және еркіндік идеяларымен байланыстырылады. Алайда оның мазмұны тек тарихи немесе мифологиялық сипатпен шектелмейді. Қасқыр - түркілік болмыс түсінігінің философиялық негіздерін бейнелейтін мәдени символ.

Осы талдау арқылы қасқыр бейнесінің түркі мәдениетінде тек мифтік кейіпкер емес, дүниетанымдық бағдар мен моральдық үлгінің символы екендігі негізделеді.

Түркі дүниетанымы және кеңістік философиясы

Түркілік дүниетаным құрылымында кеңістік ұғымы іргелі онтологиялық категория ретінде көрінеді. Дала – жай ғана географиялық орта емес, болмыстың символдық-метафизикалық формасы. Шексіздік, ашықтық және үнемі қозғалыс осы кеңістіктің мәндік сипаттарын айқындайды. Мұндай ортада адам табиғатқа қарсы тұратын субъект емес, керісінше, онымен үйлесімде тіршілік ететін болмыс иесі ретінде қалыптасады.

Көшпелі өмір салты кеңістікке тәуелді болғандықтан, еркіндік идеясы түркілік дүниетанымның өзегіне айналды. Алайда бұл еркіндік абсолютті даралықты білдірмейді. Ол – табиғи заңдылықтармен үндес, жауапкершілікпен ұштасқан тәуелсіздік. Түркілік болмыста адам еркін, бірақ ол табиғат пен

қауым алдындағы міндеттерін мойындайды. Яғни, еркіндік пен жауапкершілік біртұтас философиялық категория ретінде қабылданады.

Қасқыр бейнесі осы кеңістік философиясының көркем әрі символдық көрінісі болып табылады. Ол – дала экожүйесінің табиғи субъектісі, тіршілік заңдылықтарына бейімделудің үлгісі [1, 42-б.]. Қасқырдың қозғалысқа икемділігі, өміршеңдігі мен төзімділігі көшпелі болмыстың ішкі динамикасын бейнелейді. Сондықтан қасқыр кеңістік пен еркіндіктің органикалық тұтастығын білдіретін символдық образ ретінде орнығады.

Сонымен бірге, қасқыр бейнесі тек түркілік мәдениетпен шектелмейді. Ол Еуразия мен Солтүстік Американың көптеген халықтарының мифологиялық жүйесінде кездеседі, бұл оның тарихи ареалымен және табиғи таралу аймағымен байланысты. Экожүйедегі жоғары жыртқыш ретіндегі орнына сәйкес, мифологиялық мәтіндерде қасқыр көбіне қауіп, жойқын күш және сынақ символы ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, ол бір жағынан – жауынгерлік рух пен батырлықтың нышаны, екінші жағынан – хаос пен қауіптің белгісі ретінде көрінеді [2].

Қасқырға қатысты амбивалентті көзқарас оның адамға және қолға үйретілген малға төндіретін нақты қауіпін де туындаған. Осы тарихи тәжірибе мәдени сананың терең қабаттарында «зұлым сұр қасқыр» архетипінің қалыптасуына ықпал етті. Бұл архетип ертегілік және фольклорлық сюжеттерде кең таралған.

Мифологиялық дәстүрде қасқыр кейбір солтүстік-еуропалық халықтарда және Солтүстік Американың бірқатар үндіс тайпаларында сиқыршылықпен байланыстырылды. Мысалы, скандинав фольклорында вельва Хиндла мен великанша Хюрроккин қасқыр мініп бейнеленеді. Ал навахо мәдениетінде қасқыр бейнесі қасқыр терісін жамылған сиқыршылармен ассоциацияланған [3, 110-б.].

Бұл қасқыр бейнесі әртүрлі өркениеттерде қауіп пен күштің, еркіндік пен жойқындықтың, сакралдылық пен үрейдің тоғысқан нүктесі ретінде сипатталатын жануар ретінде көрсетеді. Түркі дүниетанымында бұл образ кеңістік философиясымен ұштасып, еркіндік пен болмыстық үйлесімнің символына айналады.

Қасқыр бейнесі және еркіндік категориясы: философиялық-әдеби талдау

Түркі мәдениетінде еркіндік ұғымы тек әлеуметтік немесе саяси мазмұнмен шектелмейді, ол онтологиялық мәнге ие терең категория ретінде қарастырылады. Көшпелі өркениет жағдайында қозғалыс – тіршіліктің басты шарты. Кеңістікте еркін көшу, табиғат ырғағына бейімделу, өмірді үздіксіз қозғалыс күйінде қабылдау – болмыстың іргелі қағидаларының бірі. Қозғалыс шектелсе, өмірдің өзі әлсірейді. Сондықтан еркіндік түркілік дүниетанымда шексіз даралық емес, табиғи заңдылықпен үндес, жауапкершілікпен ұштасқан тәуелсіздік ретінде түсіндіріледі.

Қасқырдың табиғи болмысы осы еркіндік идеясының көркем әрі символдық көрінісі іспетті. Ол – тәуелсіз тіршілік иесі, ешкімге бағынбайтын, еркін аң. Алайда қасқыр толық даралықта өмір сүрмейді, ол үйірмен тіршілік етеді. Бұл ерекшелік философиялық тұрғыдан маңызды: қасқыр бейнесі даралық пен қауымдық бірліктің диалектикалық үйлесімін айқындайды. Түркілік дүниетанымда адам да осы модельге сәйкес қарастырылады: жеке тұлға еркін, бірақ қауым алдындағы міндетін мойындайды. Еркіндік жауапкершіліксіз болмайды. Осы тұрғыдан қасқыр бейнесі еркіндік пен жауапкершіліктің мәдени символына айналады.

Қасқыр образы әдебиет пен мифологиялық дәстүрде де сакралды сипатта көрінеді. Әсіресе көк және ақ қасқырлар киелі хайуан ретінде танылады. Ежелгі деректерде елсіз далада қалған баланы қасқыр асырап өсіргені туралы аңыздардың кездесуі оның тек жыртқыш емес, тектілік пен қорғаушы күштің нышаны ретінде қабылданғанын көрсетеді. Қасқырдың қайсарлығы, соңына дейін шайқасатын табандылығы, қауіп төнгенде ұлу арқылы ескертуі, үйір ішіндегі адалдығы мен беріктігі халықтық танымда ерекше бағаланады. Оның тек өз еңбегімен тапқан олжасын жеуі туралы түсінік ар-намыс пен адалдық ұғымымен сабақтасады. Түнде айқын көру қабілеті мен сезімталдығы да оны табиғатпен үйлесімді, рухани сергек болмыс ретінде бейнелейді [4, 71-б.].

Брым-тыйымдар жүйесінде де қасқыр ерекше орын алады. Қасқырды өлтірген қаруды қайта қолданбау немесе өлген қасқырдың үйірі кек алады деген сенімдер табиғат заңын бұзудың салдары болады деген идеямен байланысты. Бұл – адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті бұзбау туралы дүниетанымдық ұстанымның көрінісі.

Көркем әдебиетте қасқыр бейнесі табиғат пен адам арасындағы қайшылықты ашудың маңызды тәсіліне айналған. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде адам табиғаттың өз заңдылығын бұзып, қасқыр күшігін қолға үйретуге ұмтылады. Алайда қасқыр болмысы жасанды үстемдікке мойынсұнбайды [5, 27-б.]. Бұл шығармада еркін табиғи болмыс пен адамдық бақылау арасындағы қайшылық трагедиялық сипат алады. Табиғатқа күш көрсету түптің түбінде қайшылықты тереңдетіп, өз заңымен жауап қайтарады деген ой айқын көрінеді.

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы Жалаңаш қасқыр эпизоды еркін рухтың қорлыққа илікпеуін бейнелейді. Тірідей терісі сыпырылса да, арлан қың етпей, тек көкке қарап ұлиды. Бұл көрініс қасқырдың адамға жарамсақтанбайтын болмысын, оның Тәңірден басқаға бас имейтін рухани тәуелсіздігін айқындайды [6, 15-б.]. Қасқырдың ұлуы – қорлыққа қарсы үнсіз қарсылықтың, еркін рухтың символы. Жазушы қасқыр бейнесі арқылы рухани тәуелсіздіктің, ар-намыстың және ішкі еркіндіктің шегін көрсетеді. Қасқыр ит секілді жарамсақтанбайды, қорлыққа жалынбайды, тек аспанға – Тәңірлік бастауға ғана үн қатады. Бұл эпизодта қасқыр – табиғи еркіндіктің ғана емес, моральдық беріктіктің де символы. Ол күштің зорлыққа айналуын әшкерелей отырып, рухтың сынбайтындығын паш етеді.

Шыңғыс Айтматовтың «Плаха» романында да қасқырлар тағдыры арқылы адам мен табиғат арасындағы байланыстың бұзылуы көрсетіледі. Ақбар мен Тайшайнар бейнелері жыртқыштықтан гөрі сезім, қайғы және тіршілік үшін күрес иелері ретінде суреттеледі. Жазушы табиғат әлемін адамзат тағдырымен тең дәрежеде қоя отырып, моральдық жауапкершілік мәселесін көтереді.

Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр - Бөрі» әңгімесінде қасқыр ұлттық тарихи жады мен этникалық бірегейліктің символы ретінде қарастырылады. Түркілердің өз тегін бөрімен байланыстыруы, туларында бөрі басын бейнелеуі қасқырды тек табиғи бейне емес, рухани-мәдени архетип деңгейіне көтереді. Бұл тұрғыдан алғанда, қасқыр еркіндік идеясының ғана емес, ұлттық рух пен тарихи сабақтастықтың да нышаны болып табылады [7].

Қазақ эпостарында және «Қорқыт ата» мұрасында көк бөрі бейнесі батырлықтың, айбар мен тектіліктің баламасы ретінде көрінеді. Яғни, қасқыр бейнесі түркі дүниетанымында еркіндік, жауапкершілік, рухани тәуелсіздік және қауымдық тұтастық идеяларын біріктіретін әмбебап мәдени символ ретінде орныққан.

Батырлық рух және моральдық құрылым: қасқыр бейнесінің семантикасы

Түркі мәдениетінде батырлық ұғымы жай ғана әскери ерлікпен шектелмейді, ол терең моральдық мазмұнға ие рухани категория ретінде танылады. Батыр – тек жауынгер емес, әділеттілікті сақтаушы, әлсізді қорғаушы, қауым мүддесін жеке басынан жоғары қоятын тұлға. Мұндай модельде күш агрессия құралы емес, жауапкершілік жүктейтін моральдық сапа ретінде түсіндіріледі.

Қасқыр бейнесі осы батырлық рухтың табиғи метафорасы іспетті. Ол қауіпті жағдайда шегінбейтін, бірақ себепсіз шабуылға бармайтын тіршілік иесі ретінде сипатталады. Қайсарлық, табандылық, төзімділік – қасқыр табиғатына тән қасиеттер. Сонымен бірге оның үйірін қорғау инстинкті жауапкершіліктің табиғи моделін көрсетеді. Қасқыр күш пен әділеттіліктің тепе-теңдігін сақтайды: ол өмір сүру үшін күреседі, бірақ табиғи заңдылық шеңберінен шықпайды.

Түркілік дүниетанымда бұл қасиеттер батыр тұлғасының моральдық құрылымымен үндеседі. Батыр да қауым үшін өмір сүреді, елдің тұтастығын сақтауды басты міндет санайды. Осы тұрғыдан алғанда, қасқыр бейнесі моральдық субъектіліктің символына айналады: ол күштің өз-өзін ақтауы емес, әділетпен шектелген қуатты білдіреді. Қасқырдың түркі мәдениетіндегі сакралды орны бұл моральдық мазмұнды тереңдете түседі. Көк бөрі туралы мифологиялық түсініктер, оның генеалогиялық бастаумен байланыстырылуы, түркі тайпаларының өз тегін бөрімен сабақтастыруы – батырлық рухтың архетиптік негізін айқындайды. Фольклорда, жыраулар поэзиясында және эпостық жырларда бөрі бейнесі батырдың айбары мен жолбасшылық қасиетінің теңеуі ретінде қолданылады [8, 119-б.].

Ғылыми зерттеулерде көк бөрі культінің археологиялық және этнографиялық дәлелдері де көрсетілген. Жартастардағы петроглифтерде бейнеленген «қасқыр-адам» мотиві, бөрі басты байрақтар, әскери атрибуттардағы қасқыр бейнесі оның билік пен ерліктің символы болғанын аңғартады. Бұл бейнелер тек тотемдік сипатта емес, сонымен бірге адам мен табиғат арасындағы рухани байланыстың көрінісі ретінде қарастырылады.

Қасқырдың екі жақты – әрі қастерлі, әрі тұрмыстық сипаты түркі дүниетанымының күрделілігін көрсетеді. Бір жағынан, ол сакралды бастау, Тәңірлік әлеммен байланысты символ. Екінші жағынан, көшпелі тұрмысқа етене таныс жыртқыш аң ретінде күнделікті өмірдің нақты бөлігі. Аңшылық дәстүрлері, ырым-тыйымдар, қасқыр мүшелерінен жасалған тұмарлар, этномедициналық қолдану тәжірибелері оның халықтық мәдениеттегі орнының кендігін айғақтайды [9, 134-б.]. Осы ретте, қасқыр бейнесі түркі мәдениетінде батырлық рухтың, моральдық жауапкершіліктің және қауымдық тұтастықтың жинақталған символы болып табылады. Ол – еркіндік пен тәртіптің, күш пен әділеттің, сакралдылық пен тұрмыстық болмыстың тоғысқан нүктесі. Батырлық рухтың табиғи архетипі ретінде

қасқыр бейнесі түркі дүниетанымының моральдық құрылымын айқындайтын әмбебап мәдени модель қызметін атқарады.

Түркі дүниетанымында құндылықтар жүйесі болмыстың табиғи ырғағымен және тарихи тәжірибемен қалыптасқан. Бұл жүйенің өзегін еркіндік, ар-намыс, батылдық, төзімділік және қауымдық бірлік құрайды. Аталған ұстанымдар тек моральдық нормалар жиынтығы емес, көшпелі өркениеттің өмір сүру стратегиясын айқындаған рухани бағдарлар болып табылады. Қасқыр бейнесі осы құндылықтардың символдық синтезі ретінде түркі мәдени кодында орныққан. Ар-намыс ұғымы түркілік моральда өзін де, қауымды да қорғауға дайын болу жауапкершілігімен тығыз байланысты. Қасқырдың табиғи мінезі – шегінбейтін қайсарлық, бірақ себепсіз шабуылға бармайтын ұстамдылық – осы моральдық өлшемнің көрінісі іспетті. Ол өз аймағын, өз үйірін қорғайды, яғни ар-намыс түсінігі жеке намыс пен ұжымдық жауапкершіліктің бірлігінде жүзеге асады.

Сонымен, қасқыр бейнесі түркі дүниетанымындағы аксиологиялық құрылымның жинақталған символы болып табылады. Ол еркіндік пен жауапкершілікті, батылдық пен ұстамдылықты, ар-намыс пен қауымдық тұтастықты бір образда тоғыстырып, мәдени-өркениеттік өзіндік сананың көркем моделі ретінде қызмет етеді.

Қасқыр бейнесі түркі дүниетанымында тек мифологиялық немесе фольклорлық образ емес, көпқырлы философиялық мазмұнға ие мәдени символ ретінде қалыптасқан. Ол дала кеңістігінің болмыстық құрылымын, көшпелі өмір салтының рухани негізін және түркілік дүниетанымының аксиологиялық өзегін бейнелейді.

Түркілік құндылықтар жүйесінде даралық пен қауымдық бірлік қарама-қарсы ұғымдар емес, өзара толықтырушы категориялар ретінде түсіндіріледі. Қасқырдың үйірлік болмысы осы үйлесімді модельдің табиғи метафорасына айналған. Оның бейнесі арқылы ар-намыс, жауапкершілік, қорғаушылық және рухани тәуелсіздік идеялары көркем әрі символдық формада бекітілген.

Қорытындылай келе, қасқыр бейнесін философиялық тұрғыдан талдау түркі өркениетінің дүниетанымы және құндылықтық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл талдау ұлттық мәдени кодты заманауи ғылыми дискурс аясында пайымдауға, дәстүрлі символдардың мағынасын жаңаша интерпретациялауға және түркілік рухани мұраның универсалдық сипатын айқындауға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности / Под ред. А. Н. Нысанбаева. – Алматы: Ин-т философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 422 с. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%BE%D0%BB%D0%BA_%D0%B2_%D0%BC%D0%B8%D1%84%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%B8 (қаралған күні: 20.02.2026)
2. Lindow J. *Norse Mythology: A Guide to the Gods, Heroes, Rituals, and Beliefs*. – Oxford: Oxford University Press, 2001. – 365 p.
3. Ögel B. *Türk mitolojisi*. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1993. – 2 cilt.
3. Әуезов М. Көксерек. – Алматы: Мазмұндама, 2022. – 276 б.
4. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Жазушы, 1997. – 512 б.
5. [Мұхтар Мағауин Қасқыр - Бөрі әңгімесі](https://zharar.kz/id/53065) <https://zharar.kz/id/53065> (қаралған күні: 22.02.2026)
6. Шәріп А. Түркі мәдениетіндегі қасқыр: қастерлі және тұрмыстық сипаты // *Turkic Studies Journal*. – 2022. – № 1. – Б. 118–122. – DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-118-122>.
7. Gökalp Z. *Türk medeniyeti tarihi*. – İstanbul, 1923. – 320 s.

UDC: 811.111'373.7

MOTIVATION AND MEANING IN ENGLISH IDIOMS

Bakhtiyorova L.O.

The Second faculty of English, Uzbekistan State World Languages University, Tashkent, Uzbekistan
e-mail: lolabakhtiyorova25@gmail.com

Phraseology represents a crucial area of linguistic research due to its ability to reveal the interaction between language, culture, and cognition. Idioms, as one of the most expressive categories of phraseological